**Бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың жылдық, тоқсандық және айлық бухгалтерлік есептемесінің көлемі мен нысандары туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 329 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің 1998.05.15. N 217 бұйрығымен. ~V980517

1. Осы бұйрыққа тіркеліп отырған "Бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың жылдық, тоқсандық және айлық бухгалтерлік есептемесінің көлемі мен нысандары туралы нұсқаулық" бекітілсін және ол 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп табылсын:

- КСРО Қаржы министрлігі бойынша "КСРО Мемлекеттік бюджетінде тұрған мекемелер мен ұйымдардың жылдық бухгалтерлік есептерді әзірлеуі тәртібі туралы нұсқаулық" атты 1975 жылғы 14 қазандағы N 96 бұйрық;

- КСРО Қаржы министрлігі бойынша "КСРО Мемлекеттік бюджетінде тұрған мекемелер мен ұйымдардың дүркіндік бухгалтерлік есептемені әзірлеу тәртібі туралы нұсқаулық" атты 1976 жылғы 18 наурыздағы N 96 бұйрық;

- КСРО Қаржы министрлігінің "КСРО Мемлекеттік бюджетінде тұрған мекемелердің жылдық бухгалтерлік есептер туралы" 1981 жылғы 21 тамыздағы N 161 хаты.

Министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
1994 жылғы 30 желтоқсандағы
N 329 бұйрығына қосымша

Бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың жылдық, тоқсандық және айлық бухгалтерлік есептемесінің көлемі мен нысандары туралы

Нұсқаулық

Бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың жылдық, тоқсандық және айлық есептемесін әзірлеу тәртібі туралы

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мынаны хабарлайды: мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ бюджетте тұрған мекемелерге қызмет көрсететін орталықтандырылған бухгалтериялар шығыс сметасының атқарылуы туралы жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есептер әзірлейді.

Айлық бухгалтерлік есептемені жергілікті бюджетте тұрған мекемелер және осы мекемелерге қызмет көрсететін орталықтандырылған бухгалтериялар әзірлейді.

Жылдық есептер 1 қаңтардағы жағдай бойынша, тоқсандық есептер 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдай бойынша, айлық есептер есеп беріліп отырған айдан кейінгі айдың бірінші жұлдызындағы жағдай бойынша әзірленеді.

Жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есеппен бірге түсіндірме жазбахат табыс етіледі, онда бюджет және арнаулы қаражат бойынша шығыс сметасының атқарылуына әсерін тигізген негізгі факторлар: толық пайдаланылмаған қаржының мөлшері, түгендеу нәтижелері туралы деректер, желтоқсанның екінші жартысына қатысты, жаңа жыл қаржысының есебінен төленетін есептелген жалақы мөлшері, баланстың есеп айырысу баптарының (дебиторлық, кредиторлық берешектің және басқалардың) жай-күйі келтіріледі. Бұл орайда түсіндірме жазбахатта жылдық есеп нысандарында бар деректер берілген кестелерді келтірудің қажеті жоқ.

Жылдық және тоқсандық есептер мен оларға тіркелген түсіндірме жазбахаттарға мекеменің басшысы, бас бухгалтер және жоспарлау-қаржы қызметінің бастығы, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда жанынан осындай бухгалтериялар құрылған мекемелердің басшылары және орталықтандырылған бухгалтериялардың бас бухгалтерлері қол қояды.

Бухгалтерлік есептемені әзірлегенде есеп беріліп отырған кезеңдегі барлық операциялар толық көрсетіліп, расталып, негізделуге тиіс.

Талдамалы есеп деректерінің есеп беріліп отырған кезеңнің бірінші жұлдызындағы жинақтамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарға, сондай-ақ бухгалтерлік есептер мен баланстардың деректері жинақтамалы және

талдамалы есептің деректеріне сай келуі тиіс;
көрсеткіштер ұқыпты толтырылуға, яғни өшіріп жазуға, түзетуге жол берілмеуі тиіс. Қателер түзетілген жағдайда бухгалтерлік есептемеге қол қойған адам растаған тиісті жазу жазылады.

Бухгалтерлік есепті әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1068 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Бухгалтерлік есеп пен есептеме туралы ережені ( өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып), Мемлекеттік бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың КСРО Қаржы министрлігінің 1978 жылғы 14 қыркүйектегі N 84 хатымен хабарланған желі, штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есептерді толтыруы жөніндегі әдістемелік нұсқауларды және осы нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

Бухгалтерлік есептемеде бюджеттен алынған қаражаттың дұрыс көрсетілуі үшін мекемелер өздерінің осы қаражат туралы есептік деректерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің N 10-6-1/6212 хатына және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің "Бюджеттен алынған қаражат туралы есептік деректерді банк мекемелерімен салыстыру тәртібі туралы" 1993 жылғы 30 қарашадағы N 138 хатына сәйкес банк мекемелерімен салыстыруы қажет.

2. Шығыс сметаларының атқарылуы туралы жылдық есептеменің көлеміне мына нысандар енгізіледі:

- мекеменің шығыс сметасының атқарылуы балансы - N 1 нысан (код 0503001 ) және бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтама;
- мекеменің шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп - N 2 нысан (код 0503008);
- шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген мекеменің кірісі мен шығысы сметасының атқарылуы туралы есеп - N 2-1 нысан (код 0503008) ( Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың мекемелері үшін);
- 100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша шығыстың атқарылуы туралы есеп - N 2-2 нысан (код 0503308);
- жол қошы қаражатының пайдаланылуы туралы есеп - N 2-Д жылдық нысан (код 0503708);
- кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-ПП нысан (код 0503408);
- жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат базасын ұдайы жаңғырту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-ОН нысан (код 0503408);
- Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-СЗ нысан (код 0502 0503608);
- табиғатты қорғау қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-

ОП нысан (код 0503808);

штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есептер бюджеттік мекемелердің түріне қарай беріледі:

мемлекеттік өкімет пен басқару органдары, соттар, прокуратура, ғылыми-зерттеу мекемелері - 3-1 нысан бойынша (код 0503011);

кадрларды даярлау және біліктілігін көтеру мекемелері (бітіріп шығу жоғары білім беретін жоғары оқу орындары, кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру мекемелері, жоғары оқу орындарының жанындағы даярлық бөлімдері; арнаулы орта оқу орындары; кәсіптік-техникалық училищелер, колледждер) - N 3-2 нысан бойынша (код 0503009);

денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері - N 3-4 нысан бойынша (код 0503014);

жалпы білім беретін бастаушы, толық емес орта (тоғыз жылдық), орта, кешкі (ауысымдық), сырттай оқытатын орта мектептер, лицейлер, мектеп-интернаттар, арнаулы мектептер, бала бақша-мектептер және мектептердің жанындағы интернаттар - N 3-5 нысан бойынша (код 0503016);

жоғары оқу орындары және ғылыми кадрларды даярлайтын ғылыми-зерттеу мекемелері - N 3-8 нысан бойынша (код 0503022);

жетімханалар және ерекше режимдегі мектеп-интернаттар - N 3-12 нысан бойынша (код 0503025);

ауыл шаруашылығының бюджеттегі мекемелері - N 3-18 нысан бойынша (код 0503029);

басқа да бюджеттік мекемелер - N 3-19 нысан бойынша (код 0503032);

мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері - N 3-дс (код 0503034);

санаторийлік-орман және балалардың жеті жылдық музыка мектептері - N 3-сл/м нысан бойынша (код 0503035);

ішкі істер органдары жүйесінің бюджеттегі мекемелері - N 4-13 нысан бойынша;

негізгі құрал-жабдықтың қозғалысы туралы есеп - N 5 нысан бойынша (код 0503051);

материалдық құндылықтардың қозғалысы туралы есеп - N 6 нысан (код 0503053);

бюджеттік мекемелерде ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен ұрлануы туралы есеп - N 15 нысан (код 0503078);

республикалық бюджеттен алынған қаражат туралы анықтама (код 0503058);

республикалық бюджеттен алынған қаражат және соманың несиені

иеленушілер мен банк мекемелері бойынша бөлінуі туралы тізімдеме - N 1 нысан (код 0503061);

республикалық бюджеттен алынған қаражат туралы жиынтық тізімдеме - N 2 нысан (код 0503063);

алынған және күрделі жұмсалым мен басқа да шараларды қаржыландыру үшін банкіге енгізілген қаражат туралы анықтама - N 2 нысан (код 0503065);

күрделі жұмсалым мен басқа да шаралардың тізімдемесі - N 4 жиынтық нысан (код 0503067);

басқару аппаратын ұстауға және мемлекеттік бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдар бойынша қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерге жұмсалған шығындар туралы есеп - N 8-бюдж. нысан (код 0503071);

басқару аппаратын ұстауға және мемлекеттік бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдар бойынша қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерге жұмсалған шығындар туралы жиынтық есеп - N 8-св нысан (код 0503074);

өнім өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден немесе басқа да қызметті жүзеге асырудан алынатын арнаулы қаражаты бар мекемелер арнаулы қаражат бойынша сметаның атқарылуы туралы есепті N 4 нысан бойынша (код 0503041) әзірлейді.

Арнаулы қаражаттың бірнеше түрлері бар мекемелер есепті N 4-жиынтық нысан бойынша (код 0503142) әзірлейді.

Бюджеттен тыс басқадай қаражаты бар мекемелер бюджеттен тыс басқадай қаражаттың қозғалысы туралы есепті N 4-а "Бюджеттен тыс басқадай қаражат" нысаны бойынша (код 0503141) табыс етеді.

Білім басқармалары (бөлімдері) жалпыға бірдей білім беру қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы анықтаманы N 4-б нысан бойынша (код 0503044) әзірлейді.

Валюталық қаражаты бар мекемелер валюта қоры қаражатының және сырттан тартылған валюталық қаражаттың қозғалысы туралы есепті N 4-в нысаны бойынша (код 0503047) табыс етеді.

Ғылыми мекемелер мен ұйымдар ғылыми-зерттеу жұмыстары көлемінің орындалуы туралы есепті N 4-н нысаны бойынша (код 0503046) табыс етеді.

Белгілі бір тапсырмаларды орындау үшін қаражат алатын мекемелер тапсырмалар бойынша соманың қозғалысы туралы есепті N 4-П "тапсырмалар бойынша" нысаны бойынша (код 0503241) әзірлейді.

Аграрлық-өнеркәсіптік кешен жүйесінің бюджеттік мекемелері бюджеттен бөлінген қаражаттың шығысы туралы есепті N 99 АПК нысаны бойынша табыс етеді.

3. Тоқсандық есептеме ауқымына мына нысандар енгізіледі:

шығыс сметасының атқарылуы балансы - N 1 нысан (код 0503001) және

бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтама, бұл анықтама тек 1 қазанға дейін ғана толтырылады, ал 1 сәуір мен 1 шілдеге дейін тек 900-жолдағы деректер ғана келтіріледі;

мекеменің шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп - N 2 нысан (код 0503008);

шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген мекеменің кірісі мен шығысы сметасының атқарылуы туралы есеп - N 2-1 нысан (код 0503006) ( Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың мекемелері үшін;

100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп - N 2-2 нысан (код 0503308);

жол қоры қаражатының пайдаланылуы туралы есеп - N 2-Д тоқсандық нысан (код 0503508);

кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту қоры қаражатының пайдаланылуы туралы есеп - N 2-ПП нысан (код 0503708);

жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат базасын ұдайы жаңғырту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-ОН нысан (код 0503408);

Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-С3 нысан (код 0503608);

табиғатты қорғау қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп - N 2-ОП нысан (код 0503808);

желі, штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы

есептер бюджеттік мекемелердің түрлеріне қарай табыс етіледі:

N 3-1 нысан (0503011) - мемлекеттік өкімет пен басқару органдары, соттар, прокуратура, ғылыми-зерттеу мекемелері;

N 3-2 нысан (0503009) - кадрларды даярлау және біліктілікті көтеру мекемелері;

N 3-4 нысан (0503015) - денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері;

N 3-5 (0503017) - жалпы білім беретін бастаушы, толық емес орта (тоғыз жылдық) және орта, кешкі (ауысымдық), сырттай оқытатын орта мектептер, лицейлер, мектеп-интернаттар, арнаулы мектептер, балабақша-мектептер және мектептердің жанындағы интернаттар;

N 1-12 нысан (0503026 - жетімханалар және ерекше режимдегі мектеп-интернаттар;

- N 3-18 нысан (0503030) - ауыл шаруашылығының бюджеттік мекемелері;

N 3-19 нысан (0503033) - басқа да бюджеттік мекемелер;

N 3-дс нысан (0503034) - мектеп жасына дейінгі балалар мекемелер;

N 3-сл/м (0503035) - санаторийлік-орман және балалардың жеті жылдық музыка мектептері;

Арнаулы қаражат бойынша сметаның атқарылуы туралы есеп - N 4 нысан (0503041).

Арнаулы қаражаттың бірнеше түрлері бар мекемелер есепті N 4-жиынтық нысан бойынша (код 0503042) әзірлейді.

Бюджеттен тыс басқа қаражаты бар мекемелер бюджеттен тыс басқадай қаражаттың қозғалысы туралы есепті N 4-А "Бюджеттен тыс басқадай қаражат" нысаны бойынша әзірлейді, тапсырмалар бойынша соманың қозғалысы туралы есеп - N 4-П "Тапсырмалар бойынша" нысаны бойынша әзірленеді, N 4-13 нысан - ішкі істер органдары жүйесінің бюджеттік мекемелері.

4. Жиынтық бухгалтерлік есептерді министрліктер мен ведомстволар мың теңге есебімен әзірлейді.

Бухгалтерлік есептеменің ағымдағы есептік кезеңге қатысты деректерінің де, алдағы кезеңге қатысты деректердің де өзгерістері (олар бекітілгеннен кейін) деректердің бұрмаланғаны анықталған кезеңде әзірленетін есептемеге енгізіледі.

Жылдық және тоқсандық есептер түптелген кітапша түрінде, тарауларға бөлініп, беттері нөмірленіп табыс етіледі.

Бір қаланың ішіндегі кәсіпорын мен мекеме үшін бухгалтерлік есептеменің тиісті орынға нақты табыс етілген күні оның табыс етілген күні деп есептеледі, ал басқа қаладағы кәсіпорын мен мекеме үшін оның почта кәсіпорнының мөртабанында таңбаланып, жөнелтілген күні оның табыс етілген күні деп есептеледі.

Есептерді табыс ету үшін белгіленген мерзім демалыс күнімен (жұмыс істемейтін күнмен) орайлас келген жағдайда есеп одан кейінгі бірінші жұмыс күні табыс етіледі.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1068 Қаулысымен бекітілген Бухгалтерлік есеп пен есептеме туралы ережеге сәйкес бюджеттік мекемелерге арналған жылдық, тоқсандық және айлық есептердің үлгілік нысандары және олардағы көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нұсқауларымен белгіленеді. Шығыс сметаларының атқарылуы туралы есепті мекемелер жоғары тұрған ұйым мен қаржы органына олар белгілеген мерзімде, ал министрліктер мен ведомстволар - тиісінше Қаржы министрлігіне бекітілген графикке сәйкес табыс етеді.

Жылдық және тоқсандық есептеменің мамандандырылған нысандарының үлгілерін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары

әзірлейді және Қаржы министрлігі бекітеді.

5. Жергілікті бюджетте тұрған мекемелер мекемелердің шығыс сметаларының атқарылуы туралы айлық есепті "Бюджет бойынша шығыс сметаларының атқарылуы туралы айлық есеп" атты N 1 мм нысаны бойынша әзірлеп, табыс етеді.

## II. Ағымдағы есеп шоттарын қорытындылау тәртібі

6. Мекемелердің жылдық, тоқсандық және айлық бухгалтерлік есептері тексерілген, дәлелді құжаттармен расталған бухгалтерлік жазбалар негізінде әзірленеді. Баланс жасалмастан бұрын талдамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтар жинақтамалы есеп шоттары бойынша айналымдармен және қалдыктармен салыстырылады.

7. Қорытынды баланс баптары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 желтоқсандағы N 1068 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен есептеме туралы ережеге сәйкес жүргізілген түгендеу деректеріне негізделген болуға тиіс. Түгендеу кезінде анықталған материалдық құндылықтардың накты қалдықтары мен бухгалтерлік есеп деректері бойынша қалдықтар арасындағы алшақтық осы Ережеде көзделген тәртіппен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Республикалық бюджетінен қаржыландырылатын мекемелер мен ұйымдардың пайдаланылмаған бюджеттік несиесінің қалдықтарын банк мекемелері 31 желтоқсанда жабады.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық бюджетінде тұрған мекемелердің бюджеттік қаражатынан басқа өзінің иелігінде бюджеттен тыс қаражаты болуы мүмкін, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің оларға бюджет есебінен қаржыландыру бойынша бюджеттік шоттар мекемелеріндегі жеке ағымдағы шоттарда сақталады.

Тапсырмалар бойынша сома алған бюджеттік мекемелер тапсырманы орындағаннан кейін тапсырма берген кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға жұмсалған қаражат туралы есеп беруге және алынған соманың пайдаланылмаған қалдығын қайтаруға міндетті.

Басқа мекемелерден тапсырмалар бойынша сома алған және оны ағымдағы жылы тиісті мақсатқа пайдаланбаған бюджеттік мекемелер осы соманы аударған мекемелерге алынған соманы 31 желтоқсаннан кешіктірмей қайтаруға міндетті.

"Тапсырмалар бойынша сома" ағымдағы шотына аударылған, стипендия, сыйлықақы төлеуге және бір жолғы көмек көрсетуге арналған қаражат, ал белгіленген жағдайда басқа қаражатта қайтарылуға жатпайды және келесі жылы тиісті мақсатқа пайдаланылады.

Бекітілген арнаулы қаражат сметаларының күші 31 желтоқсанда тоқтатылады. Арнаулы қаражаттың жыл аяғында ағымдағы шотта жиналған қалдықтары келесі жылдың арнаулы қаражатының тиісті түрі сметасының кіріс бөлігіне көшіріледі.

Арнаулы қаражат бойынша сметалардың бекітілген туралы анықтаманы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі мекемелеріне табыс етпеген бюджеттік мекемелердің осы қаражат бойынша ағымдағы шоттары 1 сәуірден бастап жабылуға тиіс. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің мекемелері қаражаттың қалдықтарын тиісті бюджеттің кірісіне өз бетінше аударады.

9. Есеп беруге тиісті тұлғалармен, дебиторлармен және кредиторлармен барлық есеп айырысу жыл аяғында, әдетте, аяқталуға тиіс.

Есеп беруге тиіс тұлғалардан авансылық есептерді, сондай-ақ пайдаланылмаған соманың қалдықтарын уақытында талап ету қажет.

Дебиторлық берешек сомасы салыстырылуға тиіс.

Ағымдағы есептің шоттарын қорытындыламастан бұрын желтоқсандағы операциялар тексеріледі және түгендеуден туындайтын барлық қосымша жазбалар жазылады.

10. Бюджет бойынша шығыс сметасының атқарылуы жөніндегі ағымдағы есептің шоттарын қорытындылау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

200 "Мекемені ұстауға және басқа шараларға бюджет бойынша жұмсалатын шығын" қосалқы шотындағы қалдық, желтоқсанның екінші жартысына қатысты және келесі жылдың қаржысы есебінен төленетін, жұмысшылар мен қызметшілерге есептелген жалақы сомасынан басқа, 230 "Мекеменің шығыны және басқа шаралар үшін бюджеттен қаржыландыру" атты қосалқы шоттың дебетіне (140 "Мекеменің шығыны және басқа шаралар үшін бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу") көшіріледі.

Егер бюджет бойынша нақты шығынның сомасы 230-қосалқы шот немесе 140-қосалқы шот бойынша қаржыландырудың қалдығынан асып түсетін болса, шығын осы шоттардағы қалдыққа тең сомада көшіріледі.

Бұл орайда мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері бойынша 230/140/, 236 "Балалар мекемесін ұстауға арналған ата-аналардың қаражаты" және "Мекемені ұстауға арналған басқадай қаражат" қосалқы шоттарының дебетіне 200-қосалқы шотындағы қалдык, желтоқсанның екінші жартысына қатысты, жұмысшылар мен қызметшілерге есептелген жалақы сомасының басқа, көшіріледі.

Нақты шығын 236 және 238-қосалқы шоттарға жылдың аяғында осы қосалқы шоттарда қалған қаражаттың қалдығына тең сомада көшіріледі, қалған сома 230/140/-қосалқы шотқа жатқызылады.

Сонымен қатар республикалық бюджетте тұрған мекемелер бойынша 230/140/-қосалқы шоттың дебетіне банк мекемелері 31 желтоқсанда 090 "Мекеменің

шығыны үшін ашылған несие" атты қосалқы шот бойынша қаражаттың кері қайтарып алынған сомасы көшіріледі.

143 "Күрделі жұмсалымды бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шоттың дебетіне мыналар көшіріледі:

093 "Күрделі жұмсалым үшін ашылған несие", 103 "Күрделі жұмсалымға арналған ағымдағы шот" атты қосалқы шоттар бойынша қаражаттың 31 желтоқсанда жабылған қалдықтарының сомасы көшіріледі;

203 "Күрделі жұмсалым үшін бюджет бойынша жұмсалатын шығын" атты қосалқы шот бойынша жаңа құрылыс пен жаңғыртудың аяқталған және пайдалануға берілген объектілеріне жұмсалған шығын көшіріледі.

Бұл орайда аяқталмаған құрылысты қайта бағалау сомасы 203-қосалқы шоттың кредитінен 246-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.

11. Бюджеттен тыс қор қаражатын иеленген бюджеттік мекемелер жыл аяқталғаннан кейін 215 "Бюджеттен тыс қорлар есебінен жұмсалатын шығын" атты қосалқы шот бойынша нақты шығын 272 "Бюджеттен тыс қорлар" атты қосалқы шоттың дебетіне көшіру арқылы жабылады. Аяқталған және пайдалануға берілген объектілерге жыл бойына жұмсалған шығын 216 "Күрделі жұмсалымға бюджеттен тыс қорлар есебінен жұмсалған шығын" атты қосалқы шотқа жатқызылады, ал жыл аяқталғаннан кейін 272-қосалқы шоттың дебетіне көшіріледі.

12. Арнаулы қаражат бойынша ағымдағы есеп шоттарының қорытындысы 400 "Арнаулы қаражат бойынша кіріс" атты қосалқы шоттың дебетіне:

211 "Арнаулы қаражат бойынша шығын" атты қосалқы шот бойынша қалдықты 400-қосалқы шот бойынша жыл аяғындағы қалдық шегінде көшіру жолымен шығарылады. 400 және 211-қосалқы шоттарда кіріс пен шығыс есебін жүргізетін қосалқы ауыл шаруашылықтары және өндіретін өнім көлемі шағын өндірістік (оқу) шеберханалары бойынша жыл аяғында қосалқы шотта аяқталмаған өндіріске қатысты шығынның сомасы қалуы мүмкін;

082 "Шарттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалған шығын" атты қосалқы шот бойынша орындалған және тапсырыс берушіге өткізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалған нақты шығынды көшіру жолымен шығарылады. Аяқталмаған, сондай-ақ аяқталғанымен, тапсырыс берушіге өткізілмеген ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалған шығын 082-қосалқы шот бойынша қалдық ретінде келесі жылдың балансына ауыстырылады.

13. Жылдың аяғында аяқталған және пайдалануға берілген объектілерге жұмсалған шығын, сондай-ақ шығарылатын өнімнің өзіндік құнына жатқызылмайтын басқа да шығын 212-қосалқы шоттың кредитінен 400, 246-қосалқы шоттардың дебетіне көшіріледі. Құрылыстың және жаңғыртудың аяқталмаған және аяқталғанымен пайдалануға берілмеген объектілеріне

жұмсалған шығын 212 қосалқы шот бойынша баланста қалады.

14. Мекемелердің арнаулы қаражатының сметалары бойынша жоспарланатын , өнімдері мен бұйымдарына жұмсалған шығын мен олардың өткізілуінің есебі 080 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының шығыны" және 280 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын өткізу" атты қосалқы шоттарда жүргізілетін өндірістік (оқу) шеберханалары мен қосалқы ауыл шаруашылықтары бойынша шоттардың қорытындысы шығарылған өнімдерді, бұйымдарды және көрсетілген қызметтерді өткізу нәтижелерін 280-қосалқы шоттың дебетінен шаруашылық пайдалы жүргізілген жағдайда 410 "Пайда мен залал" атты қосалқы шоттың кредитіне көшіру, ал залал шеккен жағдайда 280-қосалқы шоттың кредитінен 410 "Пайда мен залал" атты қосалқы шоттың дебетіне көшіру арқылы шығарылады.

15. Бөлінген қаржыны негізгі иеленушілер ағымдағы есептің шоттарының қорытындыларын шығармастан бұрын мекеме есебінен қабылданған бөлінген қаржыны төменгі иеленушілердің тексерілген есептер мен басқа да құжаттары негізінде (материалдардың жетіспеушілігін және үмітсіз дебиторлық берешекті есептен шығару) түгендеу кезінде анықталған артық материалдарды және басқаларды кіріске алады.

Бұл орайда 23 "Қаржыландыру" шоты қаржыландырудың азаю сомасына дебеттеледі және 14 "Қаржыландыру бойынша ішкі ведомстволық есеп айырысу" шотына кредиттеледі. 23-шот қаржыландырудың көбею сомасына кредиттеліп, 14-шот дебеттеледі.

Осы шоттарда құрылыстың аяқталған және пайдалануға берілген объектілеріне және жабдық сатып алуға жұмсалған шығындар, сондай-ақ мекемелер мен ұйымдардың қорытынды айналымдары кезінде қаржыландыру бойынша ішкі ведомстволық есеп айырысуға жатқызылған нақты шығын көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Республикалық бюджетінде тұрған мекемелер бойынша банк 31 желтоқсанда жапқан пайдаланылмаған қаражат та көшіріледі.

Қорытынды жазбалардан кейін келесі жылдың 1 қаңтарындағы қорытынды баланс жасалады.

## III. Жиынтық жылдық есептерді әзірлеу тәртібі

16. Жиынтық жылдық есептерді қарамағында желісі бар министрліктер, мекемелер қарамағындағы мекемелердің жылдық есептері, сондай-ақ өздеріндегі операциялары бойынша I бөлім де көрсетілген нысандар көлемінде әзірленген жылдық есеп негізінде әзірлейді.

## IV. Жылдық, тоқсандық және айлық есептеме

нысандарын толтыру тәртібі

Нысан 1 (0503001) - Шығыс сметасының атқарылуы балансы

17. Шығыс сметасының атқарылуы балансы талдамалы есептің қосалқы шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтардың есепті кезең аяғында жинақтамалы есептің айналымдарымен және қалдықтарымен салыстырылуы негізінде қаржыландырудың әрбір бөлімі бойынша жеке-жеке жасалады. Әрбір мекеме баланста тек өзіне қатысты шоттар бойынша ғана қалдықтарды толтырады.

Белгілі бір жол, бағана толтырылмаған жағдайда (мекемеде тиісті активтердің, пассивтердің, операциялардың жоқтығы себепті) бұл жол, бағана сызып тасталады. Нысанда көзделген жолдарды түзетуге және толтыруға болмайды.

18. "Негізгі құрал-жабдық бөлімі"

010-013, 015-019-қосалқы шоттардағы 010 "Негізгі құрал-жабдық" деген жолда мекемеге тиесілі, оның ішінде жалға берілген негізгі құрал-жабдық бастапқы құны бойынша, яғни оларды сатып алуға, салуға, дайындауға жұмсалған нақты шығын бойынша көрсетіледі. Негізгі құрал-жабдықтың бастапқы құны өзгертуге тек қосымша құрылыс салынғанда, қосымша жабдықталғанда, жаңғыртылғанда, сондай-ақ негізгі құрал-жабдық қайта бағаланғанда ғана жол беріледі.

Жалға алынатын негізгі құрал-жабдық бұл жолға енгізілмейді және "Жалға алынған негізгі құрал-жабдық" атты баланстан тысқары шотта ғана есептеледі.

011 "Бейматериалдық активтер" деген жолда мекемелер жерді, суды, басқа да табиғат ресурстарын, интеллектуалдық меншік объектілерін пайдалану құқықтарын және басқа осындай құқықтарды көрсетеді. Бейматериалдық активтер оларды сатып алуға жұмсалған шығын және оларды пайдалануға жарамды жағдайға келтіруге жұмсалған шығын сомасында көрсетіледі.

19. "Материалдық қорлар" бөлімі

Бұл бөлімде мекемеге тиесілі құрылыс материалдары, орнатылатын жабдық, материалдар, тамақ өнімдері, отын мен жанармай, мал азығы, жемшөп, ыдыс, машиналар мен жабдықтардың босалқы бөлшектері, өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдары, қосалқы ауыл шаруашылық өнімдері, мал төлі, бордақыдағы мал, оқуға, ғылымға және басқа мақсаттарға арналған материалдар, сондай-ақ ұзақ пайдаланылатын және лабораториялық сынақтарда пайдаланылатын материалдар, шаруашылық шарттар бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған арнаулы жабдық олардың сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

20. "Арзан бағалы және тозғыш заттар" бөлімі

080 "Арзан бағалы және тозғыш заттар" деген жолда мекемеге тиесілі арзан бағалы және тозғыш заттардың бәрі, сондай-ақ қоймада тұрғандары да, олардың

сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

21. "Өндіріске және басқа мақсаттарға жұмсалған шығын" бөлімі

Бұл бөлімде өндірістік (оқу) шеберханаларының, қосалқы ауыл шаруашылығының және оқу-тәжірибе шаруашылықтарының бұйымдары мен өнімдерін дайындауға, баспа өнімін шығаруға және қызмет көрсетуге, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен шарттар бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды орындауға, тәжірибелік қондырғыларды дайындауға жұмсалған шығын, сондай-ақ материалдарды дайындауға және өңдеуге жұмсалған шығын көрсетіледі.

22. "Ақшалай қаражат" бөлімі

"Ақшалай қаражат" бөлімінің қосалқы шоттарында ашылған несиенің сомасы , банкідегі және кассадағы ағымдық, есеп айырысу шоттарындағы ақшалай қаражат, аккредитивтер, лимиттелген чек кітапшалары және басқа ақшалай құжаттар, қаржы жұмсалымдары көрсетіледі.

09 "Бюджет бойынша ашылған несие" (тек тоқсандық есептерде ғана), 10 " Ағымдағы шоттар", 11 "Бюджеттен тыс қаражат бойынша ағымдағы шоттар" атты шоттардағы балансга көрсетілген қаражаттың қалдықтары банк мекемелерінің шоттарындағы қалдықтарға сәйкес болуға тиіс.

110 "Тапсырмалар бойынша соманың ағымдағы шоты" атты қосалқы шоттар мекемелер басқа кәсіпорындар мен мекемелерден түрлі тапсырмаларды орындағаны үшін: жас мамандармен есеп айырысу үшін, студенттер мен оқушыларға кәсіпорындардың, құрылыстардың, ұжымшарлар мен кеңшарлардың қаражаты есебінен стипендия төлеу үшін; сырттай оқушылар үшін әдістемелік әдебиет пен оқу құралдарын сатып алу үшін; бухгалтерлік есеп, есептеме, т.б. бойынша құжаттаманың бланкілерін орталықтандырылған тәртіппен сатып алу үшін; мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлеріне сыйлық ақы төлеу үшін және бір жолғы көмек көрсету үшін; қара, түсті металдардың сынығын және қайталама шикізаттың басқа да түрлерін, тамақ қалдықтарын жинағаны үшін алған қаражат, оқушылардың кәсіпорындарда тапқан қаражаты көрсетіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген басқа жағдайда да демеушілерден түскен қаражат есептеледі.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшкен, жоғары тұрған несие иеленушілердегі орталықтандырылған даму қорының қаражаты мен қаржы резервтер қалдығы 110, 113-қосалқы шоттарда көрсетіледі.

111 "Арнаулы қаражат бойынша ағымдағы шот" атты қосалқы шотта арнаулы қаражат сметасының атқарылуына байланысты операциялар бойынша ақшалай қаражаттың, сондай-ақ жалпыға бірдей білім қорын құру үшін, ұзартылған күн режимімен оқытатын мектептерде және мектептердің жанындағы интернаттарда балаларды тамақтандыру үшін, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының

материалдық-техникалық базасын кеңейтіп, нығайту және Қаржы министрлігінің нұсқаулығында көзделген басқа да мақсаттар үшін бюджеттен, ұжымшарлардан, кооперативтік, кәсіподақ ұйымдарынан түскен қаражаттың қалдығы көрсетіледі.

112. "Бюджеттен тыс басқадай қаражат бойынша ағымдағы шот" атты қосалқы шотта мекеменің ағымдағы шотына түскен және тиісті орнына қайтарылғанға немесе тиісті мақсатқа сәйкес жұмсалғанға дейін сақталған бюджеттен тыс түрлі соманың қалдықтары - бюджеттік мекемелердің қарамағына уақытша түскен және белгілі бір жағдай басталғанға дейін қайтарылуға тиіс депозиттік сома көрсетіледі.

113 "Есеп айырысу шоты" атты қосалқы шотта бюджеттен, кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа көрсетілген ақылы қызметтерден түскен қаражаттың және шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген мекемелер бойынша басқа да түсімдердің қалдығы көрсетіледі.

114 "Бюджеттен тыс қорлар бойынша ағымдағы шот" атты қосалқы шотта жергілікті өкілдікті өкімет органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары белгіленген тәртіппен құратын бюджеттен тыс қорлардың сомасы көрсетіледі.

117. "Жерді қалпына келтіруге арналған қаражат бойынша ағымдағы шот" атты қосалқы шот Жерге орналастыру және жер қатынастары жөніндегі мемлекеттік комитеттің пайдалануына арналған.

118. "Валюталық шот" атты қосалқы шотта банкілердегі валюталық шоттарда шетел валютасын түріндегі ақшалай қаражаттың Ұлттық банкінің бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына шағып есептелген қалдығы көрсетіледі.

120 "Касса" атты қосалқы шотта мекемелер кассада банк мекемелері бюджетте тұрған мекемелермен келісе отырып белгілеген лимиттер шегінде нақты ақша ұстауы мүмкін.

Бюджеттік қаражат есебінен ұсынылған аккредитив бойынша қаражаттың қалдықтарын банк мекемелері кассалық шығынды қалпына келтіру үшін мекемелердің ағымдағы шоттарына есептейді.

## 23. "Есеп айырысу" бөлімі

Баланста есепті кезеңнің аяғында аяқталмаған есеп айырысу бөлек-бөлек көрсетіледі: баланс активінде - дебиторлық берешек, ал пассивінде - кредиторлық берешек көрсетіледі.

152 "Бюджеттік тақырып бойынша тәжірибелік-конструкторлық талдамаларға тапсырыстарды ішінара төлеу бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта кәсіпорындар мен ұйымдардың ғылыми-зерттеу мекемелері үшін тәжірибелік-конструкторлық талдамаларға тапсырыстарды орындауға байланысты берешегінің сомасы көрсетіледі.

153 "Бюджеттен тыс қаражат бойынша орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырыс берушілермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары тапсырыс берушілер үшін орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін және өткізілген дайын бұйымдар үшін олармен есеп айырысу бойынша берешекті, сондай-ақ оқушылар өндірістік оқу барысында орындаған жұмыстар үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың берешегін көрсетеді.

154 "Ақы төленуге тиіс ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырыс берушілермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта тапсырыс берушілердің шарт бойынша орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін ұсынылған шоттар бойынша берешек көрсетіледі, бұл орайда есептелген аванс шегеріп тасталады.

155 "Ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін берілген аванс бойынша тапсырыс берушілермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта тапсырыс берушілер шартқа сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін аударған аванстыдың қалдығы көрсетіледі.

156 "Шаруашылық шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін сырттан тартылған ортақ орындаушылармен есеп айырысу" атты қосалқы шотта ғылыми-зерттеу мекемесінің шаруашылық шарттары бойынша кейбір ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау үшін сырттан тартылған ортақ орындаушылармен есеп айырысу көрсетіледі.

157 "Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта тапсырыс берушіден мекеменің кәсіпорындармен және ұйымдармен жасасылған шарт бойынша жұмыстар мен қызметтерді орындау үшін аванс ретінде түскен қаражат көрсетіледі. Бұл қаражат осы қосалқы шотта тапсырыстар немесе оны жекелеген кезеңдері орындалғанға дейін болады.

160 "Есеп беруші адамдармен есеп айырысу" атты 160-қосалқы шотта қызмет бабындағы ғылыми сапарларда жүрген қызметкерлерге есептелген, сондай-ақ басқа қалаларда өндірістік практикада, экспедицияларда, т.б. жүрген адамдарға есептелген сома көрсетіледі. Қосалқы шот бойынша кредиттік қалдық "басқа несиегерлермен есеп айырысу" бабындағы бойынша баланстың пассивінде көрсетіледі.

170 "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта ақшалай қаражаттың, материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен ұрлануына байланысты берешектің сомасы, сондай-ақ материалдық құндылықтардың бүлінуінен болған, кінәлы адамдардың есебіне жатқызылған ысыраптың сомасы көрсетіледі.

171 "Әлеуметтік сақтандыру бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта Әлеуметтік сақтандыру қорымен есеп айырысу бойынша берешектің сомасы көрсетіледі. Осы қордың есебінен мынадай төлемдер төленеді: еңбекке уақытша

жарамсыздығына байланысты, жүкті болуына және бала туына байланысты берілетін жәрдемақылар, бала туғанда берілетін біржолғы жәрдем ақы, жерлеу үшін берілген жәрдемақы, санаторийлік-курорттық ем және демалыс үшін берілетін жолдамаларды сатып алуға және басқа әлеуметтік мақсаттарға жұмсалған шығын төленеді. Бұл қосалқы шоттың қалдықтары дебеттік қалдықтар болуы да, кредиттік қалдықтар болуы да мүмкін.

172 "Төлемдердің арнаулы түрлері бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балаларды ұстау үшін, жеті жылдық музыка мектептерінде балаларды оқыту үшін; мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерді ұстау үшін; жұмысшылар мен қызметшілер жұмыс орнында алатын тамақ үшін олармен есеп айырысу бойынша; формалық киім үшін жұмысшылармен және қызметшілермен есеп айырысу бойынша; мектептердің жанындағы интернаттардағы балаларды тамақтандыру үшін дебиторлық және кредиторлық берешектің және басқа арнаулы есеп айырысудың сомасы көрсетіледі.

173 "Бюджетке төлемдер бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта активте артық аударылған төлемдердің не қайтарылуға тиіс уақытша алынған ақшалай қаражаттың нәтижесінде пайда болған бюджетке берешек көрсетіледі. Осы қосалқы шоттағы баланстың пассивінде бюджетке жарна төленуге тиіс, бірақ есепті кезеңнің аяғында әлдебір себептермен аударылмаған салықтардың сомасы, сондай-ақ бюджетке аударылуға тиіс басқа да сома көрсетіледі.

174 "Депозиттік сома бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта мекеменің уақытша иеленуіне түскен және белгілі бір жағдай басталғанда қайтарылуға тиіс ақшалай сома көрсетіледі.

176 "Тапсырмалар бойынша шығынға алынған қаражат бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта мекемелер мен ұйымдар түрлі тапсырмаларды орындағаны үшін:

қара және түсті металдардың сынығын жинағаны, қайталама шикізаттың басқа да түрлерін жинап, өткізгені үшін алған қаражат бойынша есеп айырысу, мектептердің оқушылар ұжымы тапқан қаражат және басқа мақсатты түсімдер көрсетіледі.

177 "Депоненттермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта баланстың пассивінде белгіленген мерзімде алынбаған жалақы, стипендия, өтемақы, материалдық көмек және балаларға берілетін жәрдемақы сомасы көрсетіледі.

178 "Басқа дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу" атты қосалқы дебиторлық және кредиторлық берешектің сомасы, сондай-ақ оқу орындары студенттері мен оқушыларының жатақхананы пайдаланғаны үшін берешек көрсетіледі.

179 "Жоспарлы төлемдер тәртібімен есеп айырысу" атты қосалқы шотта

ұйымдармен тауар-материалдық құндылықтарды босату және қызметтер көрсету үшін шартқа сәйкес жоспарлық төлемдер тәртібімен есеп айырысу бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

180 "Жұмысшылармен және қызметшілермен есеп айырысу" және 181 "Стипендиаттармен есеп айырысу" атты қосалқы шоттарда есептелген жалақы, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты берілетін жәрдемақы, баланы күткені үшін берілетін ай сайынғы жәрдемақы, сондай-ақ оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға берілетін стипендия сомасы көрсетіледі.

Жұмысшылармен және қызметшілермен қолма-қол ақшасыз аудару бойынша есеп айырысу (182-189) қосалқы шоттарында несиеге сатылған тауар үшін жалақыдан ұсталған сома; халықтың банкілерге салымдар бойынша шоттарға аударылған сома, ерікті сақтандыру бойынша жарналар; кәсіподақтың мүшелік жарналары; жеке қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша банк мекемелерінен және мекемелердің өзінен алынған несиені өтеуге төленетін жарналар; атқару құжаттары және басқа ұсталымдар бойынша төленетін сома көрсетіледі.

198 "Зейнетақы қорымен сақтандыру жарналары бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта баланстық пассивінде мекемелер мен ұйымдардың сақтандыру жарналары бойынша зейнетақы қорына берешек, ал баланстың активінде Зейнетақы қорының осы жарналары бойынша берешек көрсетіледі.

## 24. "Шығыс" бөлімі

200 "Мекемені ұстау және басқа шаралар үшін бюджет бойынша жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта тоқсандық күнге арнап бюджеттен қаржыландыру есебінен жұмсалатын нақты шығынның сомасы көрсетіледі.

202 "Басқа бюджеттердің есебінен жұмсалатын шығын" атты қосалқы шотта мекемелер осы мекеменің сметасында көрсетілмеген шараларды орындау үшін басқа бюджеттерден алған қаражат есебінен жұмсалған шығын көрсетіледі.

210 "Үлестірмелі шығын" атты қосалқы шотта есепті кезеңнің аяғында жұмыстардың белгілі бір түрінде (объектіге) немесе бұйымдардың не өнімнің белгілі бір түрінің өзіндік құнына тікелей жатқызуға мүмкін болмаған шығындар қалдықтарының сомасы көрсетіледі.

211 "Арнаулы қаражат бойынша жұмсалған шығын" атты тоқсандық есептерде нақты шығынның сомасы көрсетіледі.

213 "Басқадай қаражат бойынша шығын" атты қосалқы шотта бюджеттен тыс басқадай қаражат есебінен жұмсалған шығын көрсетіледі.

214 "Жаңа шаруашылық тетігіндегі мекемені ұстауға жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта тоқсандық күні бюджет қаражаты есебінен де, тиісті қорлар, материалдық және оларға теңестірілген шығын есебінен де жұмсалған шығын

көрсетіледі.

215 "Бюджеттен тыс қорлар есебінен жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта әкімдердің жанынан құрылатын бюджеттен тыс қорлар есебінен жұмсалған шығын көрсетіледі.

217 "Өндірістік қызмет қаражаты есебінен жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта оқу орындарының қарамағында тек есептік тоқсандық күні ғана қалдырылатын өндірістік қызмет табысынан аударым есебінен жұмсалған шығын сомасы көрсетіледі.

220 "Валюталық қаражат есебінен жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта валюталық қордың қаражаты есебінен жұмсалған нақты шығынның есебі жүргізіледі.

221 "Жерді қалпына келтіруге арналған қаражат есебінен жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта тоқсандық есеп күніндегі қалдық көрсетіледі.

## 25. "Күрделі құрылысқа жұмсалған шығын" бөлімі

040 "Орнатылатын жабдық" атты қосалқы шотта орнатылуға әзір құрылыс конструкциялары мен бөлшектері, сондай-ақ қондыруға арналған, құрастыруды қажет ететін отандық және шетелдік жабдық қалдықтарының сомасы көрсетіледі.

041 "Күрделі құрылысқа арналған құрылыс материалдары" атты қосалқы шотта күрделі құрылысқа арналған және құрылыс пен монтаждау жұмыстары барысында пайдаланылатын қаражат есебінен сатып алынған құрылыс материалдары қалдықтарының сомасы көрсетіледі.

150 "Жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта баланстың активінде күрделі жұмсалымға арналып бөлінген қаражат есебінен сатып алынған құрылыс материалдары, конструкциялар мен бөлшектер, орнатылатын жабдық үшін жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша пайда болған дебиторлық берешек көрсетіледі.

208 "Бюджет бойынша күрделі жұмсалымға арналған шығын" атты қосалқы шотта жаңа құрылыстың және үйлер мен ғимараттарды жаңғыртудың аяқталмаған объектілері бойынша бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығын, сондай-ақ аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс пен жаңғырту объектілері бойынша және қайта бағалау есебінен жұмсалған шығын көрсетіледі.

212 "Күрделі жұмсалымға және жабдық сатып алуға арналған арнаулы қаражат бойынша жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта аяқталмаған және аяқталғанымен пайдалануға берілмеген құрылыс және жаңғырту объектілері бойынша, сондай-ақ жабдық сатып алуға жұмсалған арнаулы қаражат есебінен жұмсалған шығын көрсетіледі.

216 "Күрделі жұмсалымға арналған бюджеттен тыс қорлар есебінен

жұмсалған шығын" атты қосалқы шотта жергілікті әкімшілік тер сондай-ақ Қазақстан Республикасының Министрліктері мен ведомстволары белгіленген тәртіппен құратын бюджеттен тыс қорлар есебінен жұмсалған шығын көрсетіледі .

26. "Қаржыландыру" бөлімі.

140 "Мекеменің шығыны және басқа шаралар үшін бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта бөлінген қаржыны жоғарыда тұрған иеленушілерден алынған бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысу, сондай-ақ қаржыландыруды көбейтетін басқа операциялардан түскен сома көрсетіледі.

230 "Мекеменің шығыны және басқа шаралар үшін бюджеттен қаржыландыру" атты қосалқы шотта есепті кезеңнің аяғында бөлінген қаржыны негізгі иеленуші бюджеттен алған қаржыландару көрсетіледі.

147 "Басқа бюджеттердің есебінен қаржыландыру бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотта басқа бюджеттердің есебінен кейбір шараларды жүргізу үшін алынған қаржыландыру бойынша есеп айырысу көрсетіледі.

236 "Ата-аналардың балалар мекемесін ұстауға арналған қаражаты" атты қосалқы шотта ата-аналардан мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балаларды ұстау үшін түскен қаражат есебінен қаржыландыру көрсетіледі.

238 "Мекемелерді ұстауға арналған басқадай қаражат" атты қосалқы шотта басқадай көздерден қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес қаржыландыру көрсетіледі.

Жиынтық баланс жасалмастан бұрын бөлінген қаражатты негізгі иеленушілер мен бөлінген қаражатты төмендегі иеленушілер қаржыландыру бойынша ішкі ведомстволық есеп айырысуды өздеріне бағынышты мекемелермен салыстыруға тиіс.

Қарамағындағы мекемелерді қаржыландыру бойынша есеп айырысу шоттарындағы қалдықтар жоғары тұрған мекеменің балансы активінде қарамағындағы мекемелердің балансы пассивіндегі қаржыландыру бойынша есеп айырысу шоттарындағы қалдыққа сайкелуге тиіс. Осы шоттар бойынша жиынтық баланстың активіндегі және пассивіндегі қалдықтар өзара шығарып тасталады.

248 "Банк несиесі" атты қосалқы шотта банк мекемелерінен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес материалдық-техникалық базаны ұйымдастырып, ұлғайту және басқа мақсаттар үшін алынған өтелмеген несиенің қалдығы көрсетіледі.

27. "Қорлар және мақсатқа арналған қаражат" бөлімі.

"Материалдық көтермелеу қоры, 241 "Бірыңғай еңбекақы қоры", 246 " Өндірістік және әлеуметтік даму қоры" атты қосалқы шоттарды тиісті қордың

есепті кезең аяғында пайдаланылмаған қаражатының қалдықтары, сондай-ақ күрделі құрылысты қайта бағалау сомасы көрсетіледі.

249 "Материалдық шығын және оған теңестірілген шығын" атты қосалқы шотта 2, 3, 4, 8, 9, 10, 14, 18, баптар бойынша шығын, несие үшін процент және экономикалық санкциялар түрінде төленіп қойған сома (сыйлық ақының барлық түрлерінен және материалдық көмек көрсетуден басқа) көрсетіледі.

"Негізгі құрал-жабдықтағы қор" атты қосалқы шотта негізгі құрал-жабдық қорына жұмсалуының мекеменің қарамағындағы тозуды шегеріп тастағандағы сомасы көрсетіледі.

020 "Негізгі құрал-жабдықтың тозуы" атты қосалқы шотта мекемеге тиесілі негізгі құрал-жабдықтың тозуының жалпы сомасы көрсетіледі.

021 "Бейматериалдық активтердің тозуы" атты қосалқы шотта кәсіпорынға мекемеге тиесілі бейматериалдық активтердің тозуы мен жалпы сомасы көрсетіледі.

260 "Арзан бағалы және тозғыш заттар қоры" атты қосалқы шотта кәсіпорынның тікелей иеленуіндегі арзан бағалы және тозғыш заттардың құнына тең сома көрсетіледі.

270 "Бірыңғай қаржы қаражаты қоры" атты қосалқы шотта есепті күнгі бюджеттен түскен, орындалған жұмыс (қызмет) үшін ұзақ мерзімді экономикалық нормативтер бойынша бөлінген, шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген мекемелердің өндірістік қызметіне орай алынған дайын өнімді өткізуден түскен сома көрсетіледі. Жыл аяғында шот бойынша қалдық болмауға тиіс.

271 "Орталықтандырылған қорлар және қаржы резервтері" атты қосалқы шотта жоғары тұрған органдар орталықтандырылған даму және қаржы резервтері қоры көрсетіледі.

272 "Бюджеттен тыс қорлар" атты қосалқы шотта жергілікті әкімшіліктер Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары тұратын қорлар көрсетіледі.

273 "Валюта қорлары" атты қосалқы шотта валюта қорының қозғалысы есептеледі.

274 "Бағалы қағаздар түріндегі қорлар" атты қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі Мемлекеттік Комитеті арқылы мемлекетке тиесілі мемлекеттік акциялар пакетінің құны сомасының қозғалысы есептеледі.

"Жерді қалпына келтіруге арналған қаражат қоры" атты қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті алған ауыл шаруашылық өндірісі ысырабының орнын толтыру сомасының қозғалысы көрсетіледі.

28. "Өнім өткізу және табыс" бөлімі.

280 "Өндірістік (оқу) шеберханаларының бұйымдарын өткізу" және "281 " Қосалқы оқу ауыл шаруашылықтарының өнімдерін өткізу" атты қосалқы шоттар бойынша қалдықтар тоқсандық есепті күні кредит бойынша - пайда сомасын, дебет бойынша - өткізуден келтірілген залалды көрсетеді.

282 "Шарт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру" атты қосалқы шотта орындалған ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстардың және шарт бойынша көзделген құн бойынша төленуге тиіс тапсырыс берушілерге ұсынылған шоттардың құны көрсетіледі.

400 "Арнаулы қаражат бойынша кіріс" атты қосалқы шотта қолданылып жүрген ережелерге сәйкес мекеменің иеленуіндегі және бекітілген сметаларға сәйкес белгілі бір мақсатқа жұмсалатын арнаулы қаражат бойынша кіріс көрсетіледі.

402 "Кәсіптік-техникалық училищелердің өндірістік қызметінен түскен табыс " атты қосалқы шотта өндірістік оқу шеберханалар қызметінен алынған табыс және кәсіпорындар мен ұйымдарда оқушылардың өндірістік практикасынан алынып, оқу базасын кеңейту оқушыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту, үздік оқушыларды көтермелеу және қызметкерлерге сыйлық ақы беру үшін оқу орындарының иеленуіне түскен қаражат көрсетіледі.

410 "Пайда мен залал" атты қосалқы шотта қосалқы (оқу) ауылшаруашылықтарының және өндірістік (оқу) шеберханаларының өнімдерін, бұйымдарын өткізуден және қызмет көрсетуінен алынған нәтижелер көрсетіледі.

29. "Күрделі құрылысты қаржыландыру" бөлімі

231, 143 "Күрделі жұмсалымды бюджеттен қаржыландыру" атты қосалқы шоттарда министрліктер мен ведомстволардың, бюджетте тұрған мекемелер қаражатының қалдықтары көрсетіледі.

151 "Жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу" атты қосалқы шотта баланс пассивінде күрделі жұмсалымға арналып бөлінген қаражат есебінен сатып алынатын құрылыс материалдары конструкциялар, бөлшектер және орнатылатын жабдық, т.б. үшін жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу бойынша пайда болған кредиторлық берешек көрсетіледі.

230, 231 (150 және 143) қосалқы шоттар бойынша бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтама.

30. Бұл анықтама баланста көрсетілген бюджеттік қаржыландыру сомасын жоғары тұрған мекеменің деректерімен салыстыруға арналған.

Анықтаманың 3 және 4 (дебет) бағаналарында мыналар көрсетіледі:

810 "Үмітсіз борыштар есептен шығарылды" және 820 "Мекеме есебінен қабылданған материалдардың жетіспеушілігі есептен шығарылды" деген жолдарда - үмітсіз борыштың және мекеме есебінен есептен шығарылған

материалдар жетіспеушілігінің сомасы Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен есептемеге сәйкес көрсетіледі;

4-бағананың 840-жолында 203-қосалқы шот бойынша шығынның есептен шығарылуы қайта бағалауды ескере отырып көрсетіледі;

881-жолда 840-жолдағы сомадан қайта бағалау анықтамалық түрде көрсетіледі (246 қосалқы шот);

Бос жолдарда - дебет бойынша басқа жазбалар көрсетіледі.

Анықтаманың 7 және 8-бағаналарында (кредит) мыналар көрсетіледі:

890 "Жыл басындағы қалдық" деген жолда - 230 және 231 (140 және 148) қосалқы шоттар бойынша қаражаттың жыл басындағы қалдығы көрсетіледі;

900 "Жабылған және кері шақырып алынған несиені ескере отырып жыл ( тоқсан) бойына несие ашылды" деген жолда - есепті кезең ішінде бюджеттен алынған қаражаттың сомасы көрсетіледі, бұл орайда есепті жылы жоғары тұрған мекеменің немесе қаржы органының өкімімен жабылған және кері шақырып алынған сома шегеріп тасталады;

910 "Артық материалдар кіріске алынды" деген жолда - түгендеу кезінде анықталған артық материалдар мен тамақ өнімдерінің сомасы көрсетіледі;

920 "Жоғары тұрған иеленуші несиені осы мекеменің сметасы есебінен орталықтандырылған тәртіппен төлеуі" деген жолда - жоғарғы тұрған мекемеден алынған материалдардың құны, сондай-ақ жоғары тұрған мекеме төмендегі мекеменің сметасы есебінен орталықтандырылған тәртіппен төлеген басқа төлемдердің сомасы көрсетіледі;

930 "Негізгі құрал-жабдық және арзан бағалы заттар шотынан материалдар шотына аударылды" деген жолда - негізгі құрал-жабдық арзан бағалы және тозғыш заттар шоттарынан материалдар шотына аударылған заттардың құны көрсетіледі;

940 "Бағамдағы айырма" деген жолда - валюта шотына есептелген бағандағы айырма сомасы көрсетіледі;

950 "Аяқталмаған өндірісті индекстеу" деген жолда - аяқталмаған өндірісті қайта бағалау сомасы көрсетіледі;

960 жолда - несие бойынша басқа жазбалар көрсетіледі;

980 "Шот бойынша жыл (тоқсан) аяғындағы қалдық" деген жолда - ағындағы есеп шоттарын қорытындылағаннан кейін қаржыландыру шотының есепті күнгі қалдығының сомасы көрсетіледі;

Жаңа шаруашылық тетігіне көшкен мекемелер "230 және 231 (140 және 143) қосалқы шоттар бойынша бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы" балансқа тіркелетін анықтаманы, егер оларға банк мекемелеріндегі есеп айырысу шотымен қатар бюджеттік ағымдағы шоттар ашылған болса, тек Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеті бойынша ғана толтырады.

Нысан 2 (00503008) - Мекемелердің шығыс сметаларының атқарылуы туралы есеп

31. "Нысан 2 "Мекемелердің шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп" әлеуметтік-мәдени және басқа мекемелер мен шаралар, мемлекеттік өкімет пен басқару органдары, соттар мен прокуратура, бюджет есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу мекемелері, т.б. бойынша әзірленеді.

Нысан 2 бөлімдер, тауарлар мен параграфтар бойынша, бюджеттік жіктелім баптарына орай әзірленеді.

"Жылға арналған смета бойынша бекітілді" деген 4-бағанада бекітілген сметаға сәйкес жылдық тағайындама белгіленген тәртіп пен тұжырымдалған өзгерістерді ескере отырып көрсетіледі. "Есепті кезеңге арналған смета бойынша бекітілді" деген 5-бағанада мекемелер тоқсандық сметалық тағайындаманы жоғары тұрған мекеме бекіткен үдемелі жиынымен есепті кезеңде болған, белгіленген тәртіппен тұжырымдалған өзгерістердің бәрін ескере отырып көрсетеді.

Жылдық есепте 5-баған толтырылмайды.

"Кассалық шығын" деген 6-бағанада кассалық шығын, яғни банкідегі бюджеттік ағымдағы есептерден чектер, төлем тапсырмалары мен басқа құжаттар бойынша іріктеліп алынған сома көрсетіледі, бұл орайда кассалық шығынды қалпына келтіру үшін банкке енгізілген сома шегеріп тасталады.

"Нақты шығын" деген 7-бағанада бюджеттік жіктелімнің барлық баптары бойынша сметаның атқаруына байланысты тек есепті кезеңнің ғана нақты шығыны көрсетіледі.

6 және 7-бағаналарда сондай-ақ есепті кезеңде күрделі жұмсалымда банк арқылы қаржыландыру үшін жұмсалған кассалық және нақты шығын да көрсетіледі.

Осы мекеменің, ұйымның штатында тұрмайтын, азаматтық-құқықтық шарт талап тары негізінде жұмыстарды орындауға тартылатын адамдардың еңбегіне ақы төлеуге арналған жалақы 1-бап бойынша 2 нысанда көрсетілуге және сонымен бірге 152-жолда көрсетілуге тиіс.

2-нысанда мыналар анықтамалық түрде көрсетіледі:

- "Оқу орындарының оқушыларынан түскен төлемақы" деген 190-жолда - оқу орындарының оқушылар мен студенттері жатақханада тұрғаны үшін төлеген сома көрсетіледі.

- "Мекемелерді ұстауға арналған басқадай қаражат түсімі" деген 200-жолда - 238 "Мекемелерді ұстауға арналған басқадай қаражат" атты қосалқы шот бойынша есептелген сома көрсетіледі.

Мақсатты шараларды өткізу үшін бөлек шотқа арнап басқа бюджеттен

мекеме алған қаражаттың есебінен жұмсалған шығын бойынша "мекемелердің шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп" атты 2-нысан бойынша бөлек есеп әзірленеді. Бұл есеп қаражат бюджеттік қаражатты иеленуші белгілеген мерзімде алынған осы иеленушіге жіберіледі.

Нысан 2 Кассалық және нақты шығын есебінің тиісті тізімдемелерінің деректері негізінде толтырылады.

2-1 Нысан (0503008) - Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген мекеменің кіріс және шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп

32. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген өндірістік емес саланың мекемелері кіріс пен шығыс сметасының атқарылуы туралы есепті 2-1 нысан бойынша әзірлейді.

2-1 нысан есебінің "Табыс" деген бірінші бөлімінде 010-жолда есеп айырысу шотындағы ақшалай қаражаттың жыл басындағы қалдығы, 020 жолында - есеп айырысу шотына есепті кезең ішінде түскен барлық қаражат, соның ішінде 030-жолда - бюджеттен нормативтер бойынша түскен қаражат көрсетіледі.

040-жолда мекемелерді министрліктердің және ведомстволардың, немесе жеке кәсіпорындардың орталықтандырылған қаражаты есебінен ұстауға арналып түскен қаражат көрсетіледі.

050-090-жолдарда мекемелер халыққа ақылы қызметтер көрсетуден, кәсіпорындармен және ұйымдармен жасасылған шарттар бойынша орындалған жұмыстан алынған қаражат, сондай-ақ өнім өткізуден түскен ақша көрсетіледі.

100-110-жолдарда үкіметтің шешімімен бюджет қаражаты есебінен де, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен де жүргізілген орталықтандырылған және жоспардан тыс шараларға арналып қосымша бөлінген қаражат көрсетіледі.

120-жолда жоғары тұрған мекеменің қаржы резервінен (орталықтандырылған қордан) түскен қаражат көрсетіледі.

Есептің екінші бөлімінде 140-290-жолдарында мекеменің барлық қаржыландыру көздерінің есебінен жұмсалған шығыны; кассалық шығын - қорлар бойынша және жалпы материалдық шығын мен оған теңестірілген шығын бойынша; нақты шығын - қорлар, материалдық шығын және оған теңестірілген шығын бойынша және бюджеттік жіктелімнің баптары бойынша көрсетіледі. 300 -жолда "Кассалық шығын" атты 6-бағанада есеп айырысу шотында есепті жылдың аяғындағы ақшалай қалдығы көрсетіледі (6-бағананың 010-жолы плюс 020, 050, 100, 120, 130-жолдары минус 290-жолы).

Нысан 2-2 (0503308) - 100 "Халық шаруашылығы"

бөлімі бойынша шығыс сметасының атқарылуы
туралы есеп

33. 100 есептеме бөлімі бойынша қаржыландыру алатын министрліктер, мекемелер, кәсіпорындар "100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп" атты 2-2 нысанның 24 үрделі жұмсалым; 27 "Жобалау", 30 "Мемлекеттік дотация", 31 "Операциялық шығын", 32 "Басқадай шығын", 42 "Күрделі жөндеу" баптары бойынша әзірлейді.

Өзгерістерді ескере отырып, жылға арналған смета бойынша бекітілді "деген - бағанада жылдық тағайындама бекітілген сметаға сәйкес және белгіленген тәртіппен тұжырымдалған өзгерістерді ескере отырып көрсетіледі.

"Кассалық шығын" деген 5-бағанада банкідегі бюджеттік ағымдағы шоттардан іріктеп алынған сома көрсетіледі, бұл орайда кассалық шығынды қалпына келтіру үшін банкіге енгізілген сома шегеріп тасталады.

"Нақты шығын" деген 6-бағанада нақты шығын нысанда көрсетілген баптар бойынша көрсетіледі.

Нысан 2-Д (0503508) - Жол қоры қаражатының
пайдаланылуы туралы есеп

34. Жол қоры есебінен қаржыландыру алатын министрліктер, мекемелер, кәсіпорындар "Жол қоры қаражатының пайдаланылуы туралы есеп" атты 2-Д нысанын әзірлейді.

010-055-жолдарда жол қоры жұмсалған шығын көрсетіледі.

051-055-жолдарда басқадай шығынның саралануын көрсетіледі.

080, 090-жолдарда қаржыландыру көздері көрсетіледі.

3-бағанада лимит көрсетілген, 4-5-бағаналарда орындалуы көрсетіліп, жұмыстың құны мен нақты өзіндік құны нұсқалады.

Жылдық нысанда 6, 7, 8-бағанада шығынды нақты өзіндік құн бойынша жатқызу сараламасы көрсетіледі.

Нысан 2-ОН (0503408) - Жер қойнауын қорғау
және минералдық шикізат базасын ұдайы жаңғырту
қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп

35. Жер қойнауын қорғау қорының есебінен қаржыландыру алатын министрліктер, мекемелер, кәсіпорындар "Жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат базасын ұдайы жаңғырту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп" атты 2-ОН нысанын әзірлейді.

010-012-жолдарда қаражаттың түсуі, ал 020-030-жолдарда - қор қаражатының мақсатты пайдаланылуын көрсетіледі.

Нысан 2-ОП (0503808) - Қазақстан Республикасының
Табиғат қорғау қоры қаражатының түсуі мен
мен жұмсалуы туралы есеп

36. Табиғат қорғау қорынан қаржыландыру алатын министрліктер, мекемелер, кәсіпорындар, "Қазақстан Республикасының Табиғат қорғау қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп" атты 2-ОП нысанын әзірлейді.

010-жолда қаражаттың қорғау түсуі көрсетіледі, барлығы Республикалық және жергілікті бюджетке бөлініп көрсетіледі.

020-090-жолдарда қаражаттың су көздері көрсетіледі.

100-жолда Республикалық және жергілікті бюджеттен нақты қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

120-230-жолдарда қор қаражатының шығыны 2,3-бағаналарда республикалық бюджет есебінен, 4, 5-бағаналарда жергілікті бюджет есебінен бөлініп көрсетіледі.

Нысан 2-ПП (0503708) - Қазақстан Республикасының
кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту
қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп

37. Кәсіпкерлікті қолдау қоры есебінен қаржыландырылатын министрліктер, мекемелер, кәсіпорындар "Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп" атты 2-ПП нысанның есебін әзірлейді.

010-жолда қор қаражатының түгел түсуі, ал 020-070-жолдарда осы түскен қаражаттың көздері көрсетіледі.

080-жолда - осы қорды бюджеттен нақты қаржыландыру көрсетіледі.

090-130-жолдарда қор қаражатының қандай мақсаттарға жұмсағаны көрсетіледі.

Нысан 2-СЗ (0503608) - Мемлекеттік жұмыспен
қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының түсуі
мен жұмсалуы туралы есеп

38. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры есебінен қаржыландырылатын министрліктер, мекемелер, кәсіпорындар "Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп" атты 2-СЗ нысанның есебін әзірлейді.

010-жолда қор қаражатының түскен сомасы, 020 жолда бюджеттен нақты қаржыландыру көрсетіледі.

030-110-жолдарда қор қаражатының аталған шараларға жұмсалуы

көрсетіледі.

Нысан 3-Штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есеп

39. Әрбір кәсіпорын штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есепті салалық белгісіне қарай өзіне қатысты нысан мен көрсеткіштер бойынша осы нұсқаулықтың 2 және 3 тармақтарына сәйкес толтырады.

40. Нысан ЗДС (0503034) - Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін ұстау жөніндегі есепте "Қаражаттың жыл басындағы қалдығы" деген 010-жолда есепті жылдың аяғындағы өткен жылғы есептен ауысқан қалдықтар көрсетіледі. Есепті кезеңнің басындағы (010-жол) және аяғындағы (150-жол) қаражат қалдығының сомасына банктердің көшірмесі бойынша ақшалай қаражаттың, материалдар мен тамақ өнімдерінің қалдықтары, сондай-ақ барлық баланстық шоттар бойынша дебиторлық берешектің (ата-аналардың берешегінен басқа) сомасы енеді, бұл орайда кредиторлық берешек сомасы шегеріп тасталады.

040-жолда есепті жылы мектеп жасына дейінгі балалар мекемесін ұстау үшін бюджеттен түскен барлық сома, яғни түскен бюджет қаражатының сомасы көрсетіледі, бұл орайда кері шақырып алынған және жабылған қаражат шегеріп тасталады. Есебі орталықтандырылған мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері бойынша осы жолда кассалық шығынның сомасы ата-аналар төлемінің түсуі (нақты алынған сома) және басқадай көздерден түскен қаражат көрсетіледі.

080-жолда қаржыландырудың барлық көздер есебінен жұмсалған нақты шығынның жалпы сомасы көрсетіледі.

140 жолда тек маусымдық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің желісі бойынша ғана жұмсалған нақты шығын көрсетіледі.

Мектеп жасына дейінгі тұрақты балалар мекемелерінің жазғы сауықтыру шараларына арналған шығын мектеп жасына дейінгі тұрақты балалар мекемелері желісі бойынша жұмсалған шығынның сомасына енгізіледі және 140-жолда көрсетілмейді.

160-жолда бюджеттік ағымдағы шотта есепті кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражат қалдығы көрсетіледі, бұл қалдық, егер есеп орталықтандырылмаған болса, банкінің үзінді көшірмесімен салыстырылады. Орталықтандырылған бухгалтериялар бұл соманы толықтырмайды.

41. Нысан N ЗСЛ/М (0503035) санаторийлік-орман мектебін және балалардың жеті жылдық музыка мектебін ұстау жөніндегі есепті санаторийлік-орман

мектептері және балалардың жеті жылдық музыка мектептері әзірлейді.

Осы нысанда "Қаражаттың жыл басындағы қалдығы" деген 010 жолда есепті кезеңнің аяғындағы, өткен жылғы есептен ауыстырылған қалдықтар көрсетіледі.

Есепті кезеңнің жыл басындағы (010-жол) және жыл аяғындағы (120-жол) қаражат қалдығының сомасына банкілердің үзінді көшірмесі бойынша ақшалай қаражаттың, материалдар мен тамақ өнімдерінің қалдықтары, сондай-ақ дебиторлық берешек сомасы барлық баланстық шоттар бойынша енгізіледі ( ата-аналардың берешегінен басқа), бұл орайда кредиторлық берешек шегеріп тасталады.

040-жолда мекемелерді ұстау үшін есепті жылы бюджеттен түскен бүкіл сома көрсетіледі, ал есебі орталықтандырылған мекемелерде осы жолда кассалық шығын сомасы, ата-аналар көлемінің түсуі, сондай-ақ басқадай көздерден түскен қаражат көрсетіледі.

060-жолда қаржыландырудың барлық көздері есебінен жұмсалған нақты шығынның жалпы сомасы көрсетіледі.

180-жолда бюджеттік ағымдағы шотта есепті кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражат қалдығы көрсетіледі, бұл қалдық орталықтандырылмаған есепте банкінің үзінді көшірмелеріне сай келеді. Орталықтандырылған бухгалтериялар жүргізетін есепте бұл жол толтырылмайды.

42. Нысан 3-19 (0503032) Басқадай мекемелер мен шаралар бойынша штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есепті балалармен мектептен тыс жұмыс жөніндегі мекемелер мәдени-ағарту мекемелері және мамандандырылған нысандар көзделмеген басқа мекемелер, сондай-ақ арнаулы қаражатта тұрған мекемелер арнаулы қаражаттың әрбір түрі бойынша әзірлейді.

Бұл мекемелер жиынтық есептерді мекемелердің кейбір түрлері бойынша әзірлейді.

3-19-нысан бойынша бюджеттік мекемелердің орталықтандырылған бухгалетрияларын ұстау жөніндегі есептер әзірленеді.

43. Селолық жерлердегі мектептер-бала бақшалар бойынша есеп 3-5 (0503016 ) нысан бойынша жалпы білім беретін мектептерден бөлек, сондай-ақ мектептердің жанындағы интернаттар бойынша әзірленеді.

Жыл басындағы көрсеткіштер бойынша есептік деректер өткен жылғы есеппен келісілуге тиіс. Алшақтық болған жағдайда жылдық есепке түсіндірме жазбахатта түсінік беріледі.

Штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есепте қаржы көрсеткіштері тек нақты шығын бойынша ғана келтіріледі.

Қалған нысандарды мекемелер КСРО Мемлекеттік бюджет тұрған мекемелер мен ұйымдардың КСРО Қаржы министрлігінің 1975 жылғы 14 қыркүйектегі N 84 хатында хабарланған желі, штаттар мен контингенттер жөніндегі жоспардың

орындалуы туралы есептерді толтыруы жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес толтырады.

### Нысан 4 (0503041) - Арнаулы қаражат бойынша сметаның атқарылуы туралы есеп

44. N 4 нысанда арнаулы қаражаттың бір түрі болған жағдайда арнаулы қаражат бойынша кіріс пен нақты табыс көрсетіледі. Тапсырмалар бойынша сома, сондай-ақ депозиттік сома бұл нысанға енгізілмейді.

Арнаулы қаражаттың бірнеше түрлері бар мекемелердің есептері, сондай-ақ бөлінген қаржыны негізгі иеленушілердің жиынтық есептері арнаулы қаражаттың әрбір түріне қарай жеке-жеке көп бағаналы N 4 жиынтық нысан (Нысан қодының N 0503042) бойынша әзірленеді.

4-бағанадағы 010 және 170-жолдарда арнаулы қаражат қалдықтарының жыл басындағы және есепті кезеңнің аяғындағы жалпы сомасы тиісінше (ақшалай қаражат, материалдар мен дебиторлық берешек көрсетіледі, ал кредиторлық берешек шегеріп тасталады), "соның ішінде ақшалай қаражаттың қалдықтары" деген 3 және 4-бағаналарда бөліп көрсетіледі.

Жиынтық нысанда бұл көрсеткіш тек "Барлығы" деген бағаналарда ғана бөлінеді.

030-жолда арнаулы қаражат бойынша есепті кезеңдегі табыс түсімдерінің сомасы көрсетіледі, бұл орайда қайтарылған табыстың сомасы шегеріп тасталады.

050-жолда арнаулы қаражат бойынша шығынның жалпы сомасы соның ішінде "Жалақы қоры (еңбекке ақы төлеу)" (I-бап), "Кеңсе және шаруашылық шығыны" (3-бап), "Жабдық пен құрал-сайман сатып алу" (12-бап) деген бағаналарға бөліп көрсетіледі. 120-жолда штатта тұрмайтын адамдардың еңбегіне төленген жалақы көрсетіледі.

Арнаулы қаражаттың кірісі мен шығысы бойынша көрсеткіштер арнаулы қаражат есебі тізімдемесінің деректері негізінде толтырылады.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілмеген, бірақ ақылы қызметтер үшін қаражат алатын мекемелер осы қаражат үшін "Арнаулы қаражат бойынша сметаның атқарылуы туралы есеп" атты N 4 нысан бойынша есеп береді.

### Нысан 4а - Бюджеттен тыс басқадай қаражат (0503141) - Бюджеттен тыс басқадай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

45. Н 4а нысанда есептеменің қолда бар нысандарына енбеген бюджеттен тыс басқадай қаражат бойынша кіріс пен нақты шығыс көрсетіледі.

3, 5, 7, 9, 12, 14, 16, 18, 20-бағаналарда смета бойынша бекітілген тиісті түрдегі бюджеттен тыс қаражат көрсетіледі.

4, 6, 8, 10, 13, 15, 17, 19, 21-бағаналарда бюджеттен тыс қаражаттың тиісті түрдегі шығысының нақты атқарылуы көрсетіледі. 22 және 23-бағаналар - қорытынды бағаналар.

010-жолда бюджеттен тыс басқадай қаражаттың жыл басындағы қалдықтары, ал 160-жолда жыл аяғындағы қалдықтары көрсетіледі.

020-жолда бюджеттен тыс басқадай қаражат бойынша кірістің түсімі көрсетіледі.

030-жолда бюджеттен тыс басқадай қаражат бойынша есепті кезеңдегі кіріс түсімдерінің сомасы көрсетіледі, бұл орайда қайтарылатын табыстың сомасы шегеріп тасталады.

040-жолда бюджеттен тыс қаражат бойынша барлық шығын көрсетіледі, әрі қарай шығындардың атаулары 050-150-жолдарға ажыратылады.

Нысан 4-н (0503046) - Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша көлемнің орындалуы туралы есеп

46. 4-н нысанды бюджетте тұрған барлық ғылыми ұйымдар әзірлейді, сондай-ақ қаржыландыру мен шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайындағы ғылыми ұйымдар да әзірлейді. 090-120-жолдарды тек қаржыландырудың жаңа жағдайына көшкен мекемелер ғана толтырады.

Нысан 4-п - тапсырмалар бойынша (0503241) Тапсырмалар бойынша соманың қозғалысы туралы есеп

47. Бұл нысанда ескертілген мерзімде тиісті мақсатқа пайдалану үшін түскен, тапсырмаларды орындау кезінде жұмсалған немесе "Қазақ КСР-інің Республикалық және жергілікті бюджеттерінде тұрған мекемелердің бюджеттен тыс қаражатын жоспарлау, пайдалану және есептеу тәртібі туралы" Қазақ КСР Қаржы министрлігінің 1982 жылғы 27 мамырдағы N 27 бұйрығына сәйкес

тапсырмаларды орындау үшін келесі жылға қалдырылған "Тапсырмалар бойынша сома" қаражатының қозғалысы көрсетіледі.

3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-бағаналарда қаражат түрлері көрсетіледі, 10-бағана - қорытынды бағана.

010-жолда тапсырмалар бойынша барлық соманың жыл басындағы қалдықтары, 020-жолда атқарылу және қайтарылу мерзімі әлі бітпеген тапсырмалар бойынша соманың қалдығы көрсетіледі.

030-жолда - тапсырмаларды орындауға арналған қаражаттың түсуі

көрсетіледі.

060-жолда - барлық жұмсалған шығын көрсетіледі, соның ішінде орындалуы ағымдағы есепті жылмен шектелмейтін тапсырмалар бойынша сома ажыратылып көрсетіледі.

140-жолда есепті жылы атқарылған қаражаттың сомасы көрсетіледі және ақшалай қаражаттың пайдаланылмаған қалдықтары тапсырушыға ағымдағы жылдың
31 желтоқсанына дейін қайтарылуға тиіс.

160-жолда - тапсырмалар бойынша соманың қалдығы көрсетіледі.

Нысан 5 (0503051) - Негізгі қаражаттың, қозғалысы туралы есеп

48. N 5 нысанда негізгі құрал-жабдықтың жыл басындағы және аяғындағы құны (010-019) "Журнал-басты кітап" деген кітаптың қосалқы шоттары бойынша және барлық негізгі құрал-жабдықтың жалпы құны көрсетіледі.

Сонымен бірге бұл нысанда негізгі құрал-жабдықтың қозғалысы көрсетіледі, бұл орайда оның алыну көздері мен істен шығу себептері көрсетіледі.

Негізгі қорлардың (құрал-жабдықтың) қайта бағалануына байланысты аталған нысанда N 170 бос жолда негізгі құрал-жабдықты қайта бағалаудың нәтижелері бойынша оның құнының көбеюі сомасы, тозуды индекстеу сомасы көрсетіледі.

Нысан 6 (0503053) - Материалдық құндылықтардың қозғалысы туралы есеп

49. N 6 нысанның бірінші бөлімінде материалдар мен тамақ өнімдерінің жылдың басындағы және аяғындағы құны, сондай-ақ есепті жылы мекеменің мұқтаждарына жұмсалған материалдар мен тамақ өнімдерінің құны көрсетіледі.

Бұл нысанда материалдар мен тамақ өнімдерінің қозғалысы көрсетіледі және "Өткізілді" деген 191-жолда қосымша жазу жазылады.

Нысан 15 (0503078) - Бюджеттік мекемелердің ақшалай қаражаты мен материалдық құндылықтарының жетіспеушілігі мен ұрлануы туралы есеп

50. N 15 нысанда 010-жолда жетіспеушілік пен ұрлану бойынша берешектің жылдың басындағы қалдығы көрсетіледі, бұл қалдық өткен жылғы осы нысанның 060-жолына сәйкес келуге тиіс.

020-жолда ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтардың анықталған

жетіспеушілігі мен ұрлануы сомасы, сондай-ақ есепті жылы жүргізілген тексерістер, тексерулер және түгендеулер кезінде анықталған материалдық құндылықтардың бүлінуінен болған және кінәлі адамдардың есебіне жатқызылған ысыраптың сомасы көрсетіледі.

030-жолда соттың шешімімен кінәлі адамдардың мойнына жазылған сома көрсетіледі.

040-жолда келтірілген зиянның орнын толтыру үшін кінәлі адамдардан өндіріп алынған сома көрсетіледі.

050-жолда кінәлі адамдардың төлеуге қабілеті жоқтығы салдарынан және басқа себептермен мекеменің есебінен есептен шығарылған жетіспеушіліктердің сомасы көрсетіледі.

060-жолда берешектің жыл аяғындағы қалдығының сомасы көрсетіледі. 010 және 060-жолдарда көрсетілген берешек қалдықтарының сомасы 1-нысандағы баланстың "Жетіспеушіліктер бойынша есеп айырысу" атты қосалқы шотында тиісінше 3 және 4-бағаналарда көрсетілген сомаларға сай болуға тиіс.

Бюджет бойынша шығыс сметасының атқарылуы туралы айлық есеп - 1 мм атты нысанды толықтыру тәртібі туралы

51. Жергілікті бюджеттерде тұрған мекемелер және мұндай мекемелерге қызмет көрсететін орталықтандырылған бухгалтериялар шығыс сметасының атқарылуы туралы айлық есептемені 1-мм нысан бойынша әзірлейді.

1-мм нысанның "Шығыс" атты бірінші бөлімінде мыналар көрсетіледі:

"Есепті кезеңге арналып бөлінген қаржы" деген 1-бағанада - бекітілген жылдық смета бойынша бюджеттен бөлінген сома тоқсан-тоқсанға бөлініп, белгіленген тәртіппен енгізілген өзгерістерді ескере отырып көрсетіледі. Бұл орайда әрбір тоқсанның және айлары бойынша өзгерістерді ескере отырып, тоқсандық қаржының бүкіл сомасы көрсетіледі. Мысалы, қаңтар, ақпан айларындағы есептерде 1-тоқсанға арналып бөлінген қаржы көрсетіледі, ал сәуірдегі есептерде - 1 және 2-тоқсанға арналып бөлінген қаржы көрсетіледі.

Күрделі жұмсалымды қаржыландыру бойынша және банк арқылы жүзеге асырылатын басқа да шаралар бойынша 1-бағанада бюджеттен аударылған қаражаттың сомасы көрсетіледі.

"Жыл басынан бергі кассалық шығын" деген 2-бағанада - кассалық шығынның сомасы, яғни банкілердегі ағымдағы шоттардан чектер, төлем тапсырмалары және басқа құжаттар бойынша іріктеп алынған сома көрсетіледі, бұл орайда қаражаттың орнын толтыру үшін банкіге енгізілген сома шегеріп тасталады.

1 және 2-бағаналарда деректер жыл басынан бергі үдемелі қорытындымен

б е р і л е д і .

1-мм нысанның бірінші бөлімінде банк мекемелері арқылы төленетін шығын бойынша деректерді бөлінген қаржыны иеленушілер жалпы параграф бойынша толтырады, бұл орайда жалақыға арналған шығын бөліп көрсетіледі.

Бөлінген қаржыны негізгі иеленушілер 1-мм нысанның бірінші бөлімін әрбір бөлім бойынша жеке-жеке толтырады, бұл орайда тиісті тауарлар мен параграфтар және жалақыға арналған шығын бөліп көрсетіледі.

Күрделі жұмсалымға және басқа шараларға арналған шығын 1-мм нысанында мекеменің шығысынан кейін жеке-жеке көрсетіледі.

1-мм нысанының "Ағымдағы шоттағы қаражаттың қозғалысы туралы мәлімет" деген екінші бөлімде мыналар көрсетіледі:

"Жылдың басындағы қалдық" деген 1-бағанада - осы шоттарда тұрған мекемелердің бюджеттік қаражатының жыл басындағы қалдықтарының сомасы к ө р с е т і л е д і ;

"Жыл басынан бері түскені" деген 1-бағанада - жоғарыда тұрған мекемеден немесе тікелей қаржы органынан жыл басынан бері ағымдағы шотқа түскен сома көрсетіледі (кері шақырып алынған сома шегеріп тасталады).

"Есепті кезеңдегі кассалық шығын деген 3-бағанада - есепті кезеңдегі

кассалық шығынның сомасы, яғни ай бойына банкідегі ағымдағы шоттардан іріктеп алынған қаражаттың сомасы көрсетіледі, бұл орайда қаражаттың орнын толтыру үшін банкіге енгізілген сома шегеріп тасталады.

"Ақшалай қаражаттың есепті ай аяғындағы қалдығы" деген 4-бағанада ағымдағы шоттардағы бюджеттік қаражаттың айдың аяғындағы қалдығы көрсетіледі. Бұл сома банкілердің үзінді көшірмесі бойынша деректерге сәйкес келуге тиіс.

Қазынашылық бас басқармасының
орынбасары

Бюджет жүйесі бойынша
әдістемелік жұмыс бөлімінің
бастығы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
1994 жылғы 30 желтоқсандағы
N 329 бұйрығымен бекітілген
Нұсқаулығына
N 1 қосымша

## Бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардың жылдық, тоқсандық және айлық есептемесі нысандарының Тізбесі

| Нысан нөмірлері | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жылдық және тоқсандық | жылдық | тоқсандық | айлық | Нысан атаулары |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | | | | Бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтама қоса тіркелген шығыс сметасының атқарылуы балансы |
| 2 | | | | Мекемелердің шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп |
| 2-1 | | | | Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына көшірілген мекеменің кіріс және шығыс сметасының атқарылуы туралы есеп |
| 2-2 | | | | 100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша шығыстың атқарылуы туралы есеп |
| | | | | |
| | 2-Д | 2-Д | | Жол қоры қаражатының пайдаланылуы туралы есеп |
| 2-ПП | | | | Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау және бәсекені дамыту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп |
| 2-СЗ | | | | Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы |
| 2-ОН | | | | Жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат қорын ұдайы жаңғырту қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы есеп |
| 2-ОП | | | | Қазақстан Республикасының табиғат қорғау |

```
      !      !      !      !қоры қаражатының түсуі мен жұмсалуы
      !      !      !      !туралы есеп
3-1  !      !      !      !Мемлекеттік басқару органдары, соттар,
      !      !      !      !прокуратура, ғылыми-зерттеу мекемелері
      !      !      !      !бойынша штаттар мен контингенттер
      !      !      !      !жөніндегі жоспардың орындалуы туралы
      !      !      !      !есеп
3-2  !      !      !      !Даярлау және біліктілікті көтеру
      !      !      !      !мекемелері бойынша штаттар мен
      !      !      !      !контингенттер жөніндегі жоспардың
      !      !      !      !орындалуы туралы есеп
      !3-4   !3-4   !      !Денсаулық сақтау және әлеуметтік
      !      !      !      !қамсыздандыру мекемелері бойынша шарттар
      !      !      !      !мен контингенттер жөніндегі жоспардың
      !      !      !      !орындалуы туралы есеп
      !3-5   !3-5   !      !Жалпы білім беретін бастауыш, толық
      !      !      !      !емес орта (тоғыз жылдық) және орта,
      !      !      !      !кешкі (ауысымдық) сырттай оқытатын
      !      !      !      !орта мектептер, мектеп-интернаттар,
      !      !      !      !арнаулы мектептер, балабақша-мектептер,
      !      !      !      !мектептердің жанындағы интернаттар
      !      !      !      !бойынша штаттар мен контингенттер
      !      !      !      !жөніндегі жоспардың орындалуы туралы
      !      !      !      !есеп
      !3-8   !      !      !Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу
      !      !      !      !мекемелерінде ғылыми кадрларды даярлау
      !      !      !      !жоспарының орындалуы туралы есеп
      !3-12  !3-12  !      !Жетімханалар мен ерекше режимдегі
      !      !      !      !мектеп-интернаттар бойынша штаттар
      !      !      !      !мен контингенттер жөніндегі жоспардың
      !      !      !      !орындалуы туралы есеп
      !3-18  !3-18  !      !Аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің бюджеттік
      !      !      !      !мекемелері бойынша штаттар мен
      !      !      !      !контингенттер жөніндегі жоспардың
      !      !      !      !орындалуы туралы есеп
      !3-19  !3-19  !      !Басқадай мекемелер бойынша штаттар мен
      !      !      !      !контингенттер жөніндегі жоспардың
      !      !      !      !орындалуы туралы есеп
3-дс !      !      !      !Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін
```

    !       !       !       !ұстау жөніндегі есеп
3сл/м!       !       !       !Санаторий-орман және балалардың жеті
    !       !       !       !жылдық музыка мектебін ұстау жөніндегі
    !       !       !       !есеп
4    !       !       !       !Арнаулы қаражат бойынша сметаның
    !       !       !       !атқарылуы туралы есеп
4 (жиы!       !       !       !Арнаулы қаражат бойынша сметаның
нтық) !       !       !       !атқарылуы туралы (жиынтық) есеп
4а-бюд!       !       !       !Бюджеттен тыс басқадай қаражаттың
жеттен!       !       !       !қозғалысы туралы есеп
тыс   !       !       !       !
    !4б     !       !       !Жалпыға бірдей білім беру қоры
    !       !       !       !қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы
    !       !       !       !анықтама
    !4в     !       !       !Валюта қоры қаражатының және сырттан
    !       !       !       !тартылған валюта қаражатының қозғалысы
    !       !       !       !туралы есеп
    !4н     !       !       !Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жұмыс
    !       !       !       !көлемінің орындалуы туралы есеп
4п    !       !       !       !Тапсырмалар бойынша соманың қозғалысы
    !       !       !       !туралы есеп
4-13  !       !       !       !Ішкі істер органдары жүйесінің бюджеттік
    !       !       !       !мекемелері
    !5      !       !       !Негізгі қаражаттың қозғалысы туралы есеп
    !6      !       !       !Материалдық құндылықтардың қозғалысы
    !       !       !       !туралы есеп
    !8 (бюдж!       !       !Мемлекеттік бюджетте тұрған мекемелер
    !еттік) !       !       !мен органдар бойынша басқару аппаратын
    !       !       !       !және қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерді
    !       !       !       !жұмсалатын шығын туралы есеп
    !8 (жиын!       !       !Мемлекеттік бюджетте тұрған мекемелер мен
    !тық)   !       !       !органдар бойынша басқару аппаратын және
    !       !       !       !қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерді
    !       !       !       !ұстауға жұмсалатын шығын туралы жиынтық
    !       !       !       !есеп
    !15     !       !       !Бюджеттік мекемелерде ақшалай қаражат пен
    !       !       !       !материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі
    !       !       !       !мен ұрлануы туралы есеп
99-АПК!       !       !       !Бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуы

!       !       !      !туралы есеп
!       !       !1-мм  !Бюджет бойынша шығыс сметасының атқарылуы
!       !       !      !туралы айлық есеп

---

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
1994 жылғы 30 желтоқсандағы
N 329 бұйрығымен бекітілген
Нұсқаулығына
2 қосымша

Мекемелердің шығыс сметаларының атқарылуы туралы
жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есептердің
нысандары бойынша негізгі көрсеткіштерді келісу
СЫЗБА  НҰСҚАСЫ

---

Тексерілетін көрсеткіш          !     Онымен келісілетін көрсеткіш

---

I                  !                 II

---

Нысан N 1 "Шығыс сметасының       Нысан N 1 "Шығыс сметасының
атқарылуы балансы"                атқарылуы балансы

1. 3 және 4-бағананың 010-жолы плюс  1. Тиісінше 3 және 4-бағананың
   011-жолы                            530-жолы плюс 540-жолы плюс
                                 541-жолы
2. 3 және 4-бағанының 080-бағанасы   2. Тиісінше 3 және 4-бағананың
                                 550-жолы
3. 4-бағананың 150-жолы плюс 180-жолы3. 4-бағананың 740-жолы плюс
   плюс 390-жолы плюс 400-жолы плюс     750-жолы
   410-жолы плюс 420-жолы (тоқсандық
   есеп)
4. 3-бағананың 450-жолы            4. 7-бағананың 890-жолы
5. 4-бағананың 450-жолы            5. 7-бағананың 980-жолы
6. 3-бағананың 750-жолы            6. 8-бағананың 890-жолы
7. 4-бағананың 750-жолы            7. 8-бағананың 980-жолы

Нысан N 2 "Мекемелердің шығыс

сметасының атқарылуы туралы
есеп"

| | |
|---|---|
| 8. 3-бағананың 330-жолы минус 3-бағананың 330-жолы (тоқсандық есеп) | 8. 2-нысанның 7-бағанасының 140-жолы плюс 2-2-нысанның 6-бағанасының 080-жолы плюс 2-д нысанның 4-бағанасының 060-жолы плюс 2-сз нысанның 3-бағанасының 120-нысаны плюс 2-он нысанның 3-бағанасының 020-жолы плюс 2-оп нысанның 3-бағанасының 110-жолы плюс 2-пп нысанның 3-бағанасының 140-жолы |
| 9. 7-бағананың 900-жолы минус 4-бағананың 140-жолы (тоқсандық есеп) | 9. 2-нысанның 6-бағанасының 140-жолы плюс 2-2 нысанның 5-бағанасының 080-жолы (2-д, 2-сз, 2-он, 2-оп, 2-пп нысандарда есеп әзірлейтін министрліктер мен ведомстволардан басқа) |
| 10.3-бағананың 850-жолы плюс 4-бағананың 330-жолы минус 3-бағананың 330-жолы (жылдық есеп) | 10.7-бағананың 140-жолы |
| 11.7-бағананың 900-жолы минус 3-бағананың 830-жолы (жылдық есеп) | 11.2-нысанның 6-бағанасының 140-жолы плюс 2-2-нысанның 5-бағанасының 080-жолы (2-д, 2-сз, 2-он, 2-оп, 2-пп нысандарда есеп әзірлейтін министрліктер мен ведомстволардан басқа) |
| 12.3-бағананың 850-жолы плюс 4-бағананың 330-жолы минус 3-бағананың 330-жолы (жылдық | 12.2-нысанның 7-бағанасының 140-жолы плюс 2-2-нысанның 6-бағанасының 080-жолы плюс 2-д |

есеп) нысанның 4-бағанасының 060-жолы

плюс 2-сз нысанның 3-бағанасының 120-нысаны плюс 2-он нысанның 3-бағанасының 020-жолы плюс 2-оп нысанның 3-бағанасының 140-жолы плюс 2-пп нысанның 3-бағанасының 140-жолы

13.8-бағананың 900-жолы минус 4-бағананың 150-жолы (тоқсандық есеп) 13.2-нысанның 6-бағанасының 170-жолы плюс 2-2-нысанның 5-бағанасының 010-жолы

14.4-бағананың 420-жолы минус 3-бағананың 420-жолы (тоқсандық есеп) 14.2-нысанның 7-бағанасының 170-жолы плюс 2-2-нысанның 6-бағанасының 010-жолы

15.8-бағананың 900-жолы минус 4-бағананың 830-жолы (жылдық есеп) 15.2-нысанның 6-бағанасының 170-жолы плюс 2-2-нысанның 5-бағанасының 010-жолы

16.4-бағананың 840-жолы плюс 4-бағананың 420-жолы минус 3-бағананың 420-жолы (жылдық есеп) 16.2-нысанның 7-бағанасының 170-жолы плюс 2-2-нысанның 5-бағанасының 010-жолы

Нысан N 4 "Арнаулы қаражат

бойынша сметаның атқарылуы туралы есеп"

17.3 және 4-бағананың 720-жолы (жылдық есеп) 17.Тиісінше 4-бағананың 010-жолы және 170-жолдары

18.3 және 4-бағананың 200-жолы 18.Тиісінше 4-бағананың 020 және 180-жолдары

19.4-бағананың 720-жолы минус 3-бағананың 720-жолы (тоқсандық есеп) 19.4-бағананың 030-жолы минус 130-жолы

20.4-бағананың 100-жолы плюс 4-бағананың 360-жолы минус 3-бағананың 360-жолы (тоқсандық есеп) 20.4-бағананың 050 жолы

Нысан N 4-В "Валюта қоры

қаражатының және сырттан тартылған валютаалық қаражаттың қозғалысы туралы есеп"

21.3 және 4-бағананың 534-жолы 21.Тиісінше 3-бағананың 010 және 120-жолдары 22.4-бағананың 534-жолы минус 22.3-бағананың 020-жолы 3-бағананың 534-жолы (тоқсандық есеп) 23.4-бағананың 375-жолы минус 23.3-бағананың 040-жолы 3-бағананың 375 жолы (тоқсандық есеп)

Нысан N 4-П-тапсырмалар бойынша

"Тапсырмалар бойынша соманың қозғалысы туралы есеп"

24.3 және 4-бағананың 620-жолы 24.Тиісінше 10-бағананың 010 және 160-жолдары

Нысан N 5 "Негізгі құрал-жабдықтың

қозғалысы туралы есеп"

25.3 және 4-бағананың 010-жолы 25.Тиісінше 3 және 4-бағананың 120-жолы
26.3 және 4-бағананың 011-жолы 26.Тиісінше 3 және 4-бағананың 121-жолы

Нысан N 6 "Материалдық

құндылықтардың қозғалысы туралы
есеп"

27.3 және 4-бағананың 070-жолы 27.Тиісінше 3 және 4-бағананың 150-жолы

Нысан N 7 "Бюджеттік мекемелерде

ақшалай қаражат пен материалдық
құндылықтардың жетіспеушілігі
мен ұрлануы туралы есеп"

28.3 және 4-бағананың 280-жолы 28.Тиісінше 3-бағананың 010 және

060-жолы

Нысан N 3-2 "Кадрларды даярлау және біліктілігін көтеру
мекемелері бойынша штаттар мен контингенттер жөніндегі
жоспардың орындалуы туралы есеп"

29.4 және 5-бағананың 090, 240, 340-жолдары 29.Тиісінше 4 және 5-бағананың 030, 040, 050-жолдардың
қосындысы минус 060, 070, 080
жолдар (күндізгі оқыту

бойынша); 180, 190, 200-жолдардың қосындысы минус 210, 220, 230-жолдар (кешкі оқыту бойынша) 280, 290, 300-жолдар минус 310, 320, 330-жолдар (сырттай оқыту бойынша)

Нысан N 3-8 "Жоғары оқу орындарында және ғылыми зерттеу мекемелерінде ғылыми кадрларды даярлау жоспарының орындалуы туралы есеп"

30.3 және 4-бағананың 060, 120, 180-жолдары — 30.Тиісінше 3 және 4-бағаналардағы 010-жол плюс 020-жол минус 030 және 050-жолдар (өндірістен қол үзіп оқитын аспирантура бойынша); 070-жол плюс 080-жол минус 090, 110-жолдар (өндірістен қол үзбей оқитын аспирантурада); 130-жол плюс 140-жол минус 150, 170-жолдар (доктарантура бойынша); 190-жол плюс 200-жол минус 210 және 220-жол (ординатура бойынша)

Нысан N 3-ДС "Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін ұстау жөніндегі есеп"

31.5-бағананың 150-жолы — 31.5-бағананың 010-жолы плюс 040-жолы минус 030, 080, 140-жолдары плюс 070-жолы

Нысан N ЗСЛ/М "Санаторийлік-орман және балалардың жеті жылдық музыка мектебін ұстау жөніндегі есеп"

32.5-бағананың 120-жолы — 32.010-жол плюс 030-жол минус 060-жол

Нысан N 4 "Арнаулы қаражат бойынша сметаның атқарылуы туралы есеп"

33.4-бағананың 170-жолы — 33.4-бағананың 010-жолы плюс 030-жолы плюс 040-жолы минус 050-жолы минус 120-жолы минус

| | |
|---|---|
| | 140-жолы минус 150-жолы минус 160-жолы |

Нысан N 4-П - тапсырмалар бойынша "Тапсырмалар бойынша соманың қозғалысы туралы есеп"

| | |
|---|---|
| 34.10-бағананың 160-жолы | 34.10-бағананың 010-жолы плюс 030-жолы минус 060-жолы |

Нысан N 5 "Негізгі құрал-жабдықтың қозғалысы туралы есеп"

| | |
|---|---|
| 35.3-бағананың 120-жолы | 35.Тиісінше 3 және 4-бағананың 010-жолы плюс 030-жолы плюс 040-жолы плюс 050-жолы плюс 060-жолы плюс 070-жолы плюс 080-жолы плюс 090-жолы плюс 100-жолы плюс 110-жолы |
| 36.4-бағананың 120-жолы плюс 121-жолы | 36.3-бағананың 120-жолы плюс 121-жолы плюс 3-бағананың 130-жолы минус 180-жолы |

Нысан N "Материалдық құндылықтардың қозғалысы туралы есеп"

| | |
|---|---|
| 37.3, 4, 5-бағаналардың 150-жолы | 37.Тиісінше 3, 4, 5-бағаналардың 010-140-жолдарының қосындысы (080-жолдан басқа) |
| 38.4-бағананың 150-жолы | 38.3-бағананың 150-жолы плюс 3-бағананың 160-жолы минус 180, 210-жолдары |
| 39.3-бағананың 060-жолы | 39.3-бағананың 010-жолы плюс 020-жолы минус 040-жолы минус 050-жолы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК